

"Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы" Бейнеу ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 4 қыркүйектегі № 210 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 25 желтоқсандағы № 328 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі және "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңдарына сәйкес Бейнеу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы" Бейнеу ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 4 қыркүйектегі № 210 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3993 болып тіркелген) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күннен соң қолданысқа енгізіледі.

Бейнеу ауданының әкімі

Р.Шалбаев

Бейнеу ауданы әкімдігінің 2025 жылғы
25 желтоқсандағы № 328 қаулысына
қосымша

Бейнеу ауданы әкімдігінің 2019 жылғы
4 қыркүйектегі № 210 қаулысымен
бекітілген

Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі

№	Автомобиль жолдарының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Жалпы ұзындығы
1	KR-BG-1	Боранқұл-Сарықамыс автомобиль жолы	80 шақырым
2	KR-BG-2	Сыңғырлау-Сам-Ноғайты -Тұрыш автомобиль жолы	73 шақырым
3	KR-BG-3	Ақжігіт-Сам автомобиль жолы	25 шақырым
4	KR-BG-4	Сарға ауылына кіреберіс	4 шақырым
5	KR-BG-5	Есет ауылына кіреберіс	1,723 шақырым
6	KR-BG-6	Тәжен ауылына кіреберіс	2,7 шақырым

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК